Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден бастап шығады

№ 22/100
1 маусым

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy

E-mail: priogazeta@mail.ru

18+




## ҚАДІРМЕНДІ ЖЕРЛЕСТЕР, ҚЫМБАТТЫ АТА-АНАЛАР, БАЛАЛАР!

Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесімен құттықтаймыз!

Жаздың алғашқы күні бала күлкісіне бөленіп, тамаша мерекемен басталады.

Дана халқымыз «Бала – артта қалған ізің» деп, ұрпақ тәрбиесіне аса мән берген. Жер бетіндегі қай халық болмасын Отанының тыныштығы мен ұрпақ саулығын алдыңғы орынға қояды. Тәуелсіз мемлекетімізде де болашақ қамы үшін жасалып жатқан игі істер аз емес. Жыл сайынғы салынып жатқан спорттық және балалар алаңдары мен балабақшалар, жаңғырып немесе жаңадан ашылып жатқан мектептер – ел тыныштығының жемісі.

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК, РОДИТЕЛИ, ДЕТИ!

От всей души поздравляем вас с Международным днем защиты детей!

Защита прав, жизни и здоровья детей, их воспитание в лучших традициях своего народа – это одно из приоритетных направлений не только нашей страны, но и всех мировых государств. Поэтому День защиты детей – это не только праздничный день, это значимое мероприятие, определяющее курс в будущее и дающее возможность для созидания счастливой жизни будущего поколения.

Сегодня наши дети живут и проводят свое детство в независимой республике. Со стороны государства создаются все необходимые условия для приобретения ими полноценного и качественного образования и воспитания.

Желаем вам ясного и мирного неба, счастливого детства, радостных дней и светлого будущего!

***Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.***
***Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.***

## ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінде Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұран – қиырда жүрген әр қазақ мақтан тұтатын, халқымыздың береке-бірлігін арттыра түсетін бойтұмарға айналды. Біз – қазақстандықтар оны мақтанышпен айтамыз. Біз оны әрдайым зор мақтаныш сезіммен ұрпақтан ұрпаққа табыстайтын боламыз. Ендеше әрдайым бір болайық, ата-баба армандаған азат елімізбен жарқын болашаққа бірге барайық.

Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, туымыздың мәртебесі биік болсын! Рәміздер күні құтты да, берекелі болып, ел бірлігі жасай берсін!

Осы мереке күні сіздерге амандық, бақыт, бейбітшілік тілейміз!

Біздің Отанымыз - Қазақстан өркендей берсін, оның тәуелсіздік туы жоғары көтеріле берсін!




## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

От всей души поздравляем вас с Днем государственных символов!

Сегодня Государственный Флаг, Герб, Гимн – это талисман, которым гордится каждый казахстанец, находящийся на дальнем краю, который укрепляет единство нашего народа. Мы-казахстанцы с гордостью это говорим. Мы всегда будем передавать его из поколения в поколение с большим чувством гордости. Итак, давайте всегда будем вместе, вместе отправимся в светлое будущее с нашей свободной страной, о которой мечтали предки.

Пусть наша страна всегда будет спокойной, а статус нашего флага будет высоким!

В этот праздничный день желаем вам благополучия, счастья, мира!

Пусть процветает наша Родина-Казахстан, пусть поднимается флаг независимости!

***Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.***
***Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.***

# БАРЛЫҚ ИГІЛІК – БАЛАЛАР ҮШІН!



«Бала көңілдің гүлі, көздің нұры» - деген жақсы сөз бар қазақта. Қазақ атамыз бала десе ішкен асын жерге қойып, барын алдына тосып, ешкімнен кем қалмай өсуіне барлық жақсы әрекеттерді жасаған. Тіпті «баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін» - деп баласына еш жамандықты жуытпай, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген. Баланың көкке көтеріп, төрге шығарып, ерекше құрметтеген сол бабаларымыз, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Жастайынан жақсы әдеттерге баулып, өсе келе маңызды шаруаларға араластырып, өнегелі тәрбие беруге тырысқан. Баланың титтейінен тәтті қылықтарын қызықтап, жақсылықтарына қуанып, мерейлерін асырған. Бала қуанышы қашан да жүректі де жанды да жылытады. Жүзге еріксіз күлкі мен шаттық сыйлайды. Ал өз қуанышымен басқаларды қуантатын бала бақыты әр адамды толғандыруы керек емес пе? Балалық шақ ең таза, кіршіксіз, қисынсыз кезең. «Бақыт деген – менің бала күндерім» деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, балалық әркімнің жадында қызықтармен, шат - шадыман ойын, риясыз күлкімен есте қалады. Ойын баласы үшін ойынынан артық қызық жоқ.



Биылғы 1-маусымы күні Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу құрметіне орай қала әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметов, әкімнің орынбасары Ұлан Алмасұлы Алмас, қалалық мәслихат төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев балаларды айтулы мерекемен құттықтады.

Қаламызда халықаралық балаларды қорғау күніне орай бірнеше спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес, жасөспірімдер арасында жартылай марафон, “Әкем, анам және мен, біз - спорттық отбасы” сайысы ұйымдастырылды Жартылай марафонға 50-ге жуық жас спортшы қатысты. Марафон қаланың кіре беріс бекетінен (КПП) бастау алып, орталық алаңға дейінгі қашықтықты қамтыды. Жарыс қорытындысы бойынша III орын иегері - 10 мың теңге, II орын иегері - 20 мың теңге, I орын иегері - 30 мың теңгелік қала әкімінің қаржылай сертификатына және кубокқа ие болды.

“Әкем, анам және мен, біз - спорттық отбасы” сайысында 4 кезеңнің қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған отбасылар қала әкімінің қаржылай сертификаттарымен марапатталды.

III орын иегері - 30 мың теңге, II орын иегері - 50 мың теңге, I орын иегері - 70 мың теңгелік қаржылай сертификат және кубокқа ие болды.

Қазақстан Республикасы мәслихаттарына 30 жыл толуына орай және халықаралық балаларды қорғау күніне Приозерск қалалық мәслихат кубогіне кіші жасөспірімдер арасында қазақша күрестен ашық турнирі өтті.

Қазақ күресінің ашық турниріне 2012-2014 жылдары туылған, 10 салмақ дәрежелері бойынша Балхаш көлінің жағалауында орналасқан елді мекендерден Приозерск, Сарышаған, Тасарал, Шығанақ 6 командасы қатысты.

Жүлделі 1,2,3 орын алған палуандарға Приозерск қалалық мәслихатының грамотасымен және медалімен табысталды.

Спортшыларға мерекелік ас ұйымдастырылды.

Одан кейін күрес командалық күреспен жалғасты, командалық жарыста 6 командасы сайысқа шықты.

Жарыс қорытындысы бойынша III – орын 50 мың теңгелік сертификат және кіші кубогпен Сарышаған командасы марапатталды, II – орын 100 мың теңгелік сертификат және орта кубогпен Шығанақ командасы марапатталды, I – орын 150 мың теңгелік сертификат және үлкен кубогпен Приозерск командасы марапатталды.

Сертификат пен кубогті командаларға Приозерск қаласының



әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы мен Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы табыстады.

Приозерск қалалық кіші жасөспірімдер арасында қазақша күрестен ашық турнирінің өтуіне қаржылай демеушілік еткен Приозерск қалалық мәслихат депутаттары.

Сонымен қатар Балқаш емдеу және сауықтыру кешенінде “Кедергісіз келешек” жобасы аясында Приозерск қалалық мәслихатының депутаты Койшин Руслан Қанатұлының ұйымдастыруымен ерекше білімді қажет ететін және ата-ана қамқорынсыз қалған бүлдіршіндерге арналған мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараға қалалық мәслихат депутаттарыда қатысты. Балалардың көңіл-күйін көтеруге көптеген ертегі кейіпкерлері қатысып, ойындар ойнатты.

Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу құрметіне орай, қала әкімі Т.М. Ахметов, әкім орынбасары Ұ.А. Алмас, “Аманат” партиясы қалалық филиалының төрағасы Д. О. Дүйсембаев, қалалық мәслихат төрағасы А. Н. Исатаев және ж ұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Р.Е. Ахметова бірлесіп, мүгедектігі бар балаларды айтулы мерекемен құттықтады.

Айтулы мереке күні, Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен 36 мүгедектігі бар бала, оның ішінде 23 бала үшін “Coffefood” кафесінде мерекелік дастархан, ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен мерекелік бағдарлама, жеміс-жидек себеті, төсек-жабдық жиыны мен көрпе табыстау арқылы мерекелік іс-шара өткізілді. Аталған іс-шараны ұйымдастырушы - жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Сонымен қатар, қалалық мұрағат пен “Shagala mining” ЖШС- нің атынан да балаларға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Денсаулығына байланысты мерекелік іс-шараға келе алмаған 13 балаларға жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары арнайы үйлеріне барып, сыйлықтарды табыстап, құттықтады.

Қаламызда кез келген іс-шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылады. Балалар мерекесіде өте жоғары деңгейде өтті. Іс-шаралар жоспарына сәйкес, қала аумағында биыл 1-ші рет таңғы сағат 08:00-ден кешкі сағат 22:00-ге дейін балалар арасында спорттық сайыстар, мерекелік конкурстар мен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мерекелік концертке қала әкімі Мансұр Ахметов арнайы келіп, орталық алаңда балаларға құттықтауын білдіріп, спорттық сайыс жүлдегерлері мен жеңімпаздарын марапаттады. Концерттік бағдарлама балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады.Сонымен қатар, мерекенің шырайын келтірген “көбікті кешпен” қатар балаларға қызықты спорттық эстафеталар ойнатылды. Спорттық эстафеталарға қатысқан балаларға арнап арнайы балмұздақтар таратылды.

Балалардың бойынан кемшілік емес, жетістік іздеңіз, оларға жиі көңіл бөліп, жақсы істерін дер кезінде бағалап, қолпаштап, ынталандыруды да ұмытпаңыз. Бала жүрегі нәзік, көңілі пәк екенін естен шығармаңыз. Бала - өзіндік әлемі бар ғажайып жеке тұлға. Оған сіздің көз қарасыңыз, жылы жүрегіңіз, ыстық ықыласыңыз өте қажет!

***М.ИСАТАЙ***

*4-МАУСЫМ – РӘМІЗДЕР КҮНІ*

# РӘМІЗДЕР – ЕЛДІГІМІЗДІҢ НЫШАНЫ




Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – еліміздің егемендігін, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын айқындайтын айшықты белгілер. Бұл мақалада рәміздердің рухани-танымдық қызметінің пайда болуы, қалыптасуы және оның құрылымының тарихи ерекшеліктеріне талдау жасауға арналған. Сондықтан автор қазақ қоғамының мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мен білу деңгейі бойынша жүргізілген әлеуметтік сұрақ-жауаптар негізде әлеуметтік бірегейлікті сақтау үшін жастар арасында отансүйгіштік сезімді оятуға бағытталған рәміздердің ғылыми тұрғыда зерделенуі мен ағарту-насихаттау жұмысын жетілдіру қажет деп санайды. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші, әрі мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, сонымен қатар халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Рәміздер тарихы алғашқы қоғамдағы тотемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табыну, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Қазіргі кезде еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты сияқты бірегей негіздері мен салт-дәстүрін айқындап көрсетеді. Көп көлемде мемлекеттік биліктің рәміздері кез келген мемлекеттің негізін құрайтын тұжырымдамасы – ұлттық идеяда көрініс табуы тиіс. Ал нақты ұлттық идея тікелей сол халықтың арасында қалыптасады. Саяси жүйенің көшбасшылары уақыт өте келе ауысып отыруы мүмкін, бірақ халық өзінің ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан, ғасырлар бойы иемденген және жоғалтып алған ұлттық құндылықтарымен, жағымды және жағымсыз қасиеттерімен қалады, сонымен қатар өзара ұлттық менталитетті қалыптастырады.

Мемлекеттік рәміздер мәдениетіміз, тарихымызбен менталитетіміздің көркем туындысы болу керек. Еліміздің азаматтарының рәміздерге деген қарым-қатынасы, олардың қаншалықты деңгейде өздерін осы елдің азаматы санайтындықтарының және болашаққа сенімінің, отансүйгіштіктің көрсеткіші іспеттес. Мемлекеттік рәміздерді бойтұмардай қасиет тұтқаны туралы тарихта бұған мысал боларлық оқиғалар жетіп артылады, әсіресе, рәміздердің астында қаншама қаһармандық оқиғалардың орын алғандығын, ол үшін талай рет батырларымыздың басын қатерге тіккендігі жайлы білеміз. Яғни, рәміздер соғыс және бейбіт уақытта, жалпы ұлттық мейрам кезіндеде әрқашан ұмыт қалған емес.

1992-жылдың 4-маусымы Қазақстан Республикасының рәміздері бекітілген күн болып тарихта қалды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы мемлекеттік рәміздерімізді пайдалану тәртібін нақты белгілеп берді. Мемлекетіміздің Елтаңбасы қазақ тіліне аударғанда, ол «таңба», «белгі», тіпті «мұра» деген мағына береді. Бұл термин ежелгі түркі қағанаты (551-630 жылдар) кезінен бастап қолданыла бастаған. Қазақстанның қазіргі таңдағы елтаңбасы үлкен еңбектің арқасында, екі сәулеткер Жандарбек Мәлібек пен Шота Уәлихановтың шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келді. Елтаңбадағы шаңырақ – өз ұлтымызға ғана тән сәтті таңдалынған нышан. Шаңырақ қай кезде де қазақ үшін отбасының берекесі мен тыныштығының белгісіндей қызмет атқарып келген. Ортасындағы түндіктен көгілдір аспан көрінеді. Барлық тарабына тең тараған уықтар – өмір мен жылулықтың бастауы. Керегедегі күлдіреуіштер болса, үш жүздің басын біріктіріп тұрған белгі. Елтаңбамыз еліміздегі барша халықтарды бір шаңырақтың астына шақырып, біздің ортақ үйіміз Қазақстанның мықты уықтарына айналуды үндейді. Елтаңбаның келесі композициялық құрылымының бөлшегі – алтын қанатты, мүйізі ай тәріздес тұлпарлар. Жалпы мемлекеттік рәміздерде ат бейнесін таңдалау тарихтан тамыр алады. Арғымақтың бейнесі геральдистер тілінде терең мағына мен мазмұнға ие. Ол дұшпанға қарсы шыққанда қорқыныштан ада арыстанды, сұңқардың самғауын, өгіздің күшін, бөкеннің шапшаңдығы мен икемділігін, түлкінің тапқырлығын білдіреді екен. Сонымен қатар, арғымақтардың қанаттары бидайдың буылған алтын сабақтары сияқты. Бұл да еңбекті, байлық пен берекені және материалдық табыстылықты білдіреді.

Біздің Туымызға көгілдір және алтын түс таңдалып алынған. Көгілдір түс біздің халықтардың бұлтсыз келешегіне, аспан ортақ дегенге ырымдалады. Туымыздағы бұл түс ынтымаққа, ауызбіршілікке, жаһандағы халықтар бірлігіне бастап тұр. Бірегей көгілдір түс тектен текке таңдалған жоқ. Ол аспан мен өмір нәрі – судың да түсі. Халықаралық ауқымда алып қарасақ, саясатта ашық көк түсті ту көтерген халық барынша сеніммен, түсіністікпен қабылданады және таза көгілдір түс біздің халықтарымыздың этно-мәдени бірлігін білдіреді әрі бір мезетте мемлекеттің тұтастығын меңзейді. Қысқа қайырғанда, тудың ортасындағы күн өмір бастауы мен қуаттылық. Көшпенділер уақытты күннің жылжуымен белгілеген. Бүркіт те біздің халқымыз үшін көкке самғаған киелі құс. Бұл – тәуелсіздіктің символы, самғап бара жатқан сұңқарды ешкім тоқтата алмайды. Бұл идея да егемендік алған жас мемлекетіміз әлемдік өркениеттің биігіне жетсін деген мақсатпен жүзеге асты. Біздің туымыздың шетіне алтын түспен қошқар мүйізді ою салынған. Жалпы, қазақ ұлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар. Қазақ ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны.

Кез келген халықтың тарихында заманында сол халыққа күш-қуат берген, рухын жанып, жігерін шыңдаған музыкалық шығармалары бар. Ол тарихтың белгілі бір уақытында сол жұрттың әнұранына айналған. Мұндай әндер қазақ халқында да көп. Соның бірі – жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының ауыр тауқыметін көрсетуге арналған «Елім-ай» әні. Бұл ән жоңғар шапқыншылығынан зардап шегіп, қаңсыраған халықтың қайта ес жиып, күшеюіне әсер еткен, сол сияқты басқа асыл сезімдерді бойына жинаған керемет ән болды. Осындай бір екінші ән – «Менің Қазақстаным». Бұл шығарма Қазақстан КСРО құрамында болған тұста қазақтың намысын қайрау мақсатында өмірге келді. Ақын Жұмекен Нәжімеденов пен сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық бірлестігінен туындаған «Менің Қазақстаным» шын мәнінде қазақ халқының рухын көтерген, келер күнге деген сенімін арқалаған бейресми әнұран болды. Ал заман талабына сай, 2006-жылғы қаңтардың 6-да Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа түзетулер енгізілгеннен кейін, яғни қаңтардың 10-да «Менің Қазақстаным» ресми Әнұран болып бекітілді. Сөйтіп, бұл күн тарихқа еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде жазылды. Әуенін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жұмекен Нәжімеденов жазған.

Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет еліміздің маңызды конституциялық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» былай делінген: «Елімізде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары жеке тұлға ретінде Қазақстан Республикасының Туын, Қазақстан Республикасының Елтаңбасын, Қазақстан Республикасының Әнұранын міндетті түрде құрметтеуі керек. Осы Жарлыққа сәйкес азаматтардың оны құрметтеуі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін әлемге әйгілеу және насихаттау шаралар жиынтығы негізінде тұрақты түрде жүзеге асырсын делінген.

Қорыта келе айтарымыз, еліміздің ежелден аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізіп, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының қайта жаңғыруы, мемлекеттік рәміздердің бекітілуі болашақ дамуға бет алған егемен еліміз үшін ерекше құбылыс. Сондықтан мемлекеттік рәміздерді қастерлеу азаматтарымыз үшін басты міндет болып табылуы тиісті. Сондай-ақ ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті насихаттау жолында және мемлекетіміздің әлемдік деңгейде танылып өзіне тән белгілерімен дамыған елдер қатарынан орын алуы үшін төл нышандарымыздың атқаратын қызметі айрықша. Осы орайда Приозерск қаламыздың тұрғындарын еліміз үшін ерекше маңызға ие болып қала беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күнімен «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті редакциясы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

***Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ***

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Елімізде жемқорлықпен күреске нақты қадамдар қолға алынуда. Атап айтқанда, республика бойынша ағымдағы жылдың 10 айында 1500-ге жуық жемқорлық қылмыс тіркеліп, 1100-ден астам адам әшкереленген, оның 158-і әртүрлі деңгейдегі басшылар. Осы орайда қоғамымыздың дамуы үшін аталған мәселемен күресте барлық Қазақстан Республикасының азаматтарының үлес қосуы тиіс. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы мынадай мөлшерлерде белгіленген:

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК немесе 103 500 теңге;

Онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК немесе 138 000 теңге;

Ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК немесе 172 500 теңге;

Ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК немесе 241 500 теңге;

Аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК немесе 345 000 теңге.

Қорытындылай келе, еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Нақ осы тәрбие мен білім беру, адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастыруына негіз болады деп сенемін. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу –біздің басты міндетіміз. Сондықтан да әр баланы жастайынан, Отанға деген сүйіспеншілікке, салт-дәстүрді құрметтеуге, білім мен еңбеккеұмтылуға, адалдыққа тәрбиелеу керек. Нақ осы тәрбиемен білім беру, адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастыруына негіз болады деп сенемін.

***Приозерск қаласының әкімі***
***М. Ахметов***

*31-МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮГІНДІ ЕСКЕ КҮНІ*

# АШАРШЫЛЫҚ... (БОЛҒАН ОҚИҒА)




Поезда Тараздық бір кісімен танысып, әңгімелестік. Сөз орайы жақындап қалған «Саяси қуғын-сүргүн, ашаршылық, қазақ зиялыларын қудалау, ату...» тақырыбына ойысты. Жасы менен 10 жас үлкен ағамыз әкесінің өздеріне айтып берген сұмдық жағдайды тілге тиек етті. Осы жан түршігерлік оқиғаны газет оқырмандарына баяндап беруді жөн көрдім. Себебі қылышынан қан тамған кеңестік жүйенің қатыгездігін, қазақты қаншалықты қырып-жойғандығын бүгінгі ұрпақ біліп жүргендері дұрыс деп ойлаймын. Әкесі төмендегіше баяндап берген:

– Қалаға жақын жерде, Талас өзенінің оң жақ бетінде Свердлов атындағы қазақ колхозы, онымен араласып жатқан «Красная заря» деген орыс колхозы бартын. Мені сол жақтарға уәкіл етіп жіберді. Қазақ колхозындағы халықта азық жоқ. Алды аштан өле бастаған. Сол қыста осы колхоздағы көзіммен көрген жантүршігерлік бірнеше уақиғаны айтып берейін. Бір күні егіс басынан келе жатқанда ауылсовет төрағасы кездесті. «Анау шеткі ауылда тағы біреу адам етін жеді деген хабар естіп, соған бара жатырмын. Бірге барып анығын біліп қайталық», – деді. Шеткеріректегі үйлердің көбі қараң қалған, тірі жан, не мал жоқ. Шеткерірек бір үйге барып аттан түстік. Үй іші моладай ызғарлы екен. Үйдің оң жақ жанына таман көрпе сияқтанған бірдеңеге оранып, жасы отыздар шамасындағы бір жігіт жалғыз жатыр. Әлсіреп әрең жауап берді. Ауылсовет әлгі жігіттен: «біз бір хабар естіп келіп отырмыз, сендерді адам сойды дейді, рас па?» дегенде, ана жігіт азар да безер болды. Ауылсовет: «Әй, пәленше!», – деп жігіттің атын атады. – Өзіңнің жатқан түрің мынау, Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырып қайтесің, шыныңды айт. «Тоқтық не дегізбейді, аштық не жегізбейді?», бұл аштық жалғыз сенің ғана басында емес, елдің бәріне келген апат қой» дегенде ғана ана жігіт біраз күмілжіп барып: «Сондай бір іс болды, отағасы, қайтейін, амалым қалмады», – деді жыламсырап.

Болған уақиғаны жігіт деміге сөйлеп айтып берді. Бұл жігіттің ертеде басқа жаққа ұзатылған апасы аштықтан қаңғып төркініне келеді. Төркін дегенде, басқалары өліп, осы інісі қалады. Бірте-бірте үйдегі азық таусылады. Сөйтіп отырғандарында қаладан бір баукеспе ұры ағайындары келіп қонады. Жейтін дәнеңе жоқ бәрі де аш жатады. Ертеңгісін апасы ауыл жанындағы «Красная заря» колхозының картоп еккен орнында қалғанқұтқан түйінек болса теріп келейін деп жиналып жатқанда інісі: «Апа, неде болса жейтін бірдеңе тауып қайт, әйтпесе өзіңді сойып жейміз», – дейді. Апасы түске таман бос қайтады. «Қарағым-ай, жұрт түк қоймаған екен, ештеңе де таба алмадым», дейді. Інісі: «Ендеше, апа, өзіңді соямыз», – дейді.

«Қарағым, сен аман қалсаң болғаны, сенің жолыңа мен құрбан», – деп кеңірдегін оттың басына қарай соза бергенде, сол жерде пышағын жанып отырған ұры әйелді тамағынан пышақпен тартып жібереді. Сонсоң әйелдің сан етін кесіп алып, үй иесі екеуі асып жейді.

«Қалған еті қайда?» дегенімізде жігіт: «Ұры қорада құлаған жабындының астына тастадым», – деген деді. Қораға шығып, жабындының астын ашып қарағанымызда, екі сан еті кесілген орта жастардағы бір әйелдің денесі жатқанын көрдік. Сонсоң ауылсовет адам жинап, әйелдің денесін көмдірді…

Осы күні демографтар сонда қанша адам қырылғанының санына жете алмай жүр ғой, жету қиын да. «Ақтабан шұбырынды» дейміз. «Хиросима, Нагасаки» дейміз, бұл екеуі де жаугершіліктің зардабы ғой. Ал мына қырғында адамдар көмусіз қалды. Тек Қазақстанда ғана емес, ашаршылық Украина, Еділ, Кубань жақтарында да болды, бірақ олар тап біздегідей шектен асқан жоқ...

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

# БАЛА-БАҚЫТ, БАЛА-ҚУАНЫШ



Еліміздің барлық қалалары мен аудандарында, барлық алаңдарда Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар өтуде. Приозерск қаласында спорттық жарыстар, ойындар, конкурстар, концерттер ұйымдастырылады.

Қалалық балалар кітапханасы 1 маусымға дейін квест ойынын дайындады.

«Балақай» балабақшасы тәрбиеленушілерінің аға тобы ашық ауада өткізілген іс-шараларға қатысты.

Бірнеше ойындар ұйымдастырылды, соның ішінде: суретті таяқшаға кім тез орайды; креслоларды кім тез көтеріп, мәреге жүгіреді. Сондай-ақ, балаларға балалардың аяқтарының іздері бар ұйымдастырылған жолда іздердің бағытына сәйкес секіру ұсынылады: тікелей, оңға, солға, артқа.

Қалалық кітапхананың ойын алаңында көңілді және күлкі орнады.

Балаларға ыңғайлы болу үшін ойын алаңының жанында қазақ және орыс тілдеріндегі ертегілердің кітап көрмесі орналасқан. Кітапханашы Ж.Құлмишева балаларды балалар кітапханасында 3D суреттері, панорамалық кітаптары, виммельбухтары бар кітаптардың болуымен таныстырды.

Балалар қалалық кітапхана аумағында орналасқан балалар ойын алаңының слайдтарына белсенді түрде мініп, суретке түсті.

***Приозерск қалалық кітапханасы***

# РЕБЕНОК - СЧАСТЬЕ, РЕБЕНОК – РАДОСТЬ



Во всех городах и районах страны, на всех площадках проходят мероприятия, посвященные Международному дню защиты детей. В Приозерске также организовываются спортивные соревнования, игры, конкурсы, концерты.

Городская детская библиотека к 1 июня подготовила игру-квест.

Старшая группа воспитанников детского сада «Балакай» приняла участие в мероприятиях на свежем воздухе.

Были организованы несколько игр, в том числе: кто быстрее намотает нитку на палочку сквозь картинку; кто быстрее поднимет детские стульчики и прибежит к финишу. Также деткам предложено на организованной дорожке с отпечатками ступней детских ножек прыгать согласно направлению следов: прямо, направо, налево, назад.

Веселье и смех царили на детской площадке городской библиотеки.

Для удобства деток рядом с игровой площадкой размещена книжная выставка сказок на казахском и русском языках. Библиотекарь Кулмишева Ж. познакомила малышей с наличием в детской библиотеке книжек с 3Д картинками, панорамными книжками, виммельбухами.

Дети активно покатались на горках детской игровой площадки, расположенной на территории городской библиотеки, сфотографировались.

***Приозерская городская библиотека***

# 14 ИЮЛЯ ДЕНЬ НОТАРИАТА

В целях повышения статуса нотариата в Республике Казахстан, Приказом Заместителя Премьер - Министра - Министра труда и социальной защиты населения от 29 июня 2023 года № 258 «Об утверждении перечня профессиональных праздников» 14 июля установлен ежегодно отмечаемым профессиональным праздником – Днем нотариата.

